



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2022 Қаңтар

2022 жылғы қаңтарда жылдық инфляция 8,5% құрады (2021 жылғы жетоқсанда – 8,4%). Азық-түлік тауарларының бағасы бір жылда 9,9%-ға (жетоқсанда – 9,9%), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 8,5%-ға (жетоқсанда – 8,5%), ақылы қызметтер бағасы 6,8%-ға (желтоқсанда – 6,5%) өсті.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 10 өңірде жеделдеді, 5 өңірде баяулады, ал 2 өңірде өзгермеді. Ең көп жеделдеу Ақтөбе облысында (желтоқсанда 8,7%-дан қаңтарда 9,2% - ға дейін) тіркелді, ал ең көп баяулау Маңғыстау облысында (9,2% - дан 8,7% - ға дейін) және Нұр-Сұлтан қаласында (8,8% - дан 8,3% - ға дейін) байқалды. Жылдық инфляция 8 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең үлкен мән Ақмола және Ақтөбе облыстарында тіркелді (тиісінше 9,3% және 9,2%).

1-сурет. Өңірлер бойынша инфляция серпіні (2021 қаңтар – 2022 қаңтар), %-бен



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары Ақмола (11,7%), Маңғыстау (11,6%), Ақтөбе (11,0%), Солтүстік Қазақстан (10,2%) облыстарында, Алматы және Шымкент қалаларында (10,1% - дан), сондай-ақ Түркістан облысында (10,0%) ел бойынша деңгейден (9,9%) жоғарырақ қарқынмен қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсімі ел бойынша өсімнен (8,5%) келесі өңірлерде жоғарырақ болды: Ақмола және Ақтөбе (10,2% - дан), Қарағанды (9,7%), Атырау (9,3%), Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында (8,9% - дан).

Елімізде ақылы қызметтердің бағасы 6,8%-ға өсті, бұл ретте өсім Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында (8,2%-дан), Шымкент (7,5%), Алматы (7,4%) және Нұр-Сұлтан (7,1%) қалаларында, сондай-ақ Атырау (7,0%) және Қарағанды (6,9%) облыстарында жалпы республикалық деңгейден едәуір жоғары қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрамдастары, %-бен

Өңірлер	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлік емес инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	9,9	8,5	6,8
Ақмола	11,7	10,2	5,3
Ақтөбе	11,0	10,2	5,9
Алматы	9,8	8,0	6,3
Атырау	9,5	9,3	7,0
Батыс Қазақстан	9,4	8,1	8,2
Жамбыл	9,4	8,1	6,3
Қарағанды	9,3	9,7	6,9
Қостанай	9,8	8,4	6,5
Қызылорда	9,3	8,4	6,1
Маңғыстау	11,6	7,1	6,7
Павлодар	9,7	8,9	6,7
Солтүстік Қазақстан	10,2	8,4	5,9
Түркістан	10,0	8,4	6,4
Шығыс Қазақстан	9,2	8,9	8,2
Нұр-Сұлтан қ.	9,4	8,1	7,1
Алматы қ.	10,1	8,0	7,4
Шымкент қ.	10,1	7,6	7,5

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2022 жылғы қаңтарда елімізде айлық инфляция 0,7% құрады, бұл соңғы 5 жылдағы (2017-2021жж) қаңтардағы инфляцияның орташа мәнінен жоғары. 2022 жылғы қаңтарда баға өзінің орташа қалыптасқан нормасынан жоғары келесі өңірлерде өсті: Алматы қаласында (1,0%), Ақтөбе (0,9%), Қарағанды (0,9%) облыстарында, Шымкент қаласында (0,9%), Ақмола облысында (0,8%), Батыс Қазақстан облысында (0,7%) және Солтүстік Қазақстан облысында (0,6%). Маңғыстау, Атырау, Павлодар және Қостанай облыстарында бағаның өсу қарқыны өзінің орташа қалыптасқан нормасы деңгейінде өсті. Қалған өңірлерде бағаның айлық өсу қарқыны өзінің орташа нормасынан төмен болды. Айлық инфляцияның өсу қарқынының барынша баяулауы Нұр-Сұлтан қаласында (0,4% деңгейге дейін) байқалды.

2-кесте. Қаңтардағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы қаңтар айының орташа мәнімен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылдағы қаңтардың орташа мәні	Қаңтар 2022	Өңірлер	5 жылдағы қаңтардың орташа мәні	Қаңтар 2022
Қазақстан Республикасы	0,6	0,7	Түркістан	0,8	0,7
Алматы қ.	0,7	1,0	Жамбыл	0,8	0,6
Ақтөбе	0,7	0,9	Павлодар	0,6	0,6
Қарағанды	0,6	0,9	Солтүстік Қазақстан	0,5	0,6
Шымкент қ. ¹	0,5	0,9	Алматы	0,6	0,5
Ақмола	0,3	0,8	Қостанай	0,5	0,5
Маңғыстау	0,8	0,8	Қызылорда	0,5	0,4
Атырау	0,7	0,7	Шығыс Қазақстан	0,6	0,4
Батыс Қазақстан	0,6	0,7	Нұр-Сұлтан қ.	0,8	0,4

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

• ¹ Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы орташа мәні (2019-2021 жж.)